



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№5 (2008) 2 АҚПАН 2026 ЖЫЛ

Цифрлық инфрақұрылым жетілдіріледі



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев China Mobile өкілдігінің бас директоры Ли Вэньчжун мен НЗС Kazakhstan компаниясының директоры Лян Чжэнмен кездесу өткізді.

параттық және цифрлық технологиялар саласындағы қазіргі жетістіктерімен таныстырып, университеттің жаңа технологияларды енгізуге және заманауи білім беру стандарттарына сай цифрлық инфрақұрылым құруға деген ұмтылысын атап өтті.

China Mobile және НЗС Kazakhstan өкілдері өз тарапынан жоғары оқу орнының цифрлық бастамаларын қолдауға дайын екенін айтып, ортақ жобаларды жүзеге асыруға ниет білдірді. Бұл ынтымақтастық университет қалашығының әлеуетін арттыруға, студенттер мен оқытушылар үшін ыңғайлы және заманауи білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған.

Жүздесу соңында қос тарап ұзақ мерзімді серіктестік орнатып, жол картасын әзірлеу үшін арнайы жұмыс тобын құруға уағдаласты.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ

Тараптар университеттің цифрлық трансформациясын және «Ақылды қалашық» (Smart Campus) концепциясын енгізу мүмкіндіктерін талқылады. Әңгіме барысында қалашықтың барлық аумағын жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету, сондай-ақ студенттерді ақпараттық технологиялар саласында кәсіби дайындау мақсатында бірлескен ғылыми зертхана құру мәселелері қаралды.

Кездесуде оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың IT, ақ-

Нұрсұлтан
ЖЕКСЕНБАЕВ

Ата заңға енгізілетін өзгерістер туралы айтылды

Конституциялық комиссияның отырысында Конституциялық сот төрағасының орынбасары Бақыт Нұрмұханов Ата заңға енгізілетін өзгерістердің жиынтық жобасын таныстырды.

түзетулер енгізілді. Бұл Конституция мәтінінің 84 пайызын құрайды.

Жиынтық жоба білікті заңгерлер мен лингвистерден құралған жұмыс топтарында қатар пысықталуда.

Сонымен қатар негізгі өзгерістер туралы айтылды. Атап айтқанда жаңа бірпалаталы Парламент моделі енгізіледі, азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысу мүмкіндіктері кеңейеді, Конституциялық соттың құқық қорғау тетіктері мен Ата заң негізінде құқық үстемдігін қамтамасыз ету бойынша қызметінің тиімділігі артады.

Айта кетейік, Конституциялық комиссияның отырысына Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қатысты.

Бұл құжат азаматтардан, саяси партиялардан, қоғамдық ұйымдардан және сарапшылардан түскен барлық ұсыныстардың негізінде әзірленді.

Бақыт Нұрмұхановтың айтуынша, жаңартылған Конституция жобасында преамбула, 11 бөлім және 104 бап бар. «Халық кеңесі» және «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу» атты екі жаңа бөлім енгізілген. Тағы 4 бөлімнің атауы өзгерді. Жалпы, өзгерістер мен толықтырулар Ата заңның барлық бөлімдерін қамтып, 77 бапқа

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары білім саласындағы көрсеткіштерін нығайтып, Қазақстанның жетекші университеті мәртебесін айқындай түсті.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2026 жылғы ЖОО рейтингісінің қорытындысы бойынша университеттің

«Атамекен» рейтингінде көш бастап тұр

53 білім беру бағдарламасының ішінен 11 бағдарлама бірінші орынға ие болды, ал 45 бағдарлама үздік ондыққа енді.

Бұл жетістік ҚазҰУ-дың білім беру үдерісінің жоғары сапасын, түлектерінің еңбек нарығындағы бәсекеге қабі-

леттілігін және білім беру бағдарламаларының заманауи талаптарға сай келетінін дәлелдейді.

ҚазҰУ практикалық қызметке бейімделген және әртүрлі салаларда сұранысқа ие мамандарды даярлайды. ҚазҰУ

түлектері еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие және бәсекеге қабілетті. Мұны олардың жұмысқа орналасу деңгейінің жеткілікті түрде жоғары болуы дәлелдейді. Орташа алғанда, университетті аяқтаған түлектер жұмыс іздеуге 84 күн



(шамамен 2,8 ай) жұмсайды, оның ішінде 63 пайыз түлек жұмысын алғашқы үш айда тапса, 37 пайыз түлек алты ай ішінде жұмысқа орналасады.

2-бет

«Фудженг» білім беру компаниясымен келісім



3-бет

Адамның ең жоғары құндылық екенін айқындайтын құжат



6-бет

Патриарх юридической науки





«Фудженг» білім беру компаниясымен келісім

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қытайдағы «Фудженг» халықаралық білім беру компаниясының негізін қалаушы Цзен Цзяньдонмен келіссөз жүргізді.

Жүздесуде оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың Қытай университеттерімен және ғылыми орталықтарымен жасалған келісімдер туралы ақпарат берді. Өз сөзінде ректор ҚазҰУ ғалымдары қытайлық зерттеушілермен бірге ғылыми инновациялық жобаларды жүзеге асырып жатқанын, сондай-ақ қос дипломды және бірлескен білім беру бағдарламалары іске қосылғанын айтты.

Өз кезегінде құрметті қонақ Цзен Цзяньдон «Фудженг» халықаралық білім беру компаниясының қызмет бағытымен таныстырып, ұйымның басты мақсатына тоқталды. Оның айтуынша, компания Қазақстан мен Қытай арасындағы жоғары білім саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға және университеттер арасындағы академиялық байланысты кеңейтуге ерекше көңіл бөледі.

«Фудженг» халықаралық білім беру компаниясы Қазақстан мен Қытайдың жоғары оқу орындары арасындағы әріптестік қарым-қатынасты дамытуға айрықша үлес қосып келеді. Біздің негізгі мақсат – екі ел университеттері арасындағы ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеру. Осы бағытта компания ҚазҰУ-мен серіктестік орнатып, бірлескен жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға мүдделі», – деді Цзен Цзяньдон.

Келіссөз нәтижесінде тараптар кездесуде айтылған ұсыныс-пікірлер бойынша арнайы жұмыс тобын құруға келісіп, алдағы уақытта білім беру және ғылым саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытуға дайын екендіктерін білдірді.

Нұрсұлтан
ЖЕКСЕНБАЕВ



«Судья» кітабы таныстырылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде әділет полковнигі, отставкадағы судья Советхан Сәкенұлының «Судья» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Салтанатты жиынға Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының отставкадағы судьялары, Алматы қалалық сотының өкілдері, белгілі жазушы-журналистер, заң факультетінің оқытушы-профес-

сорлары мен болашақ заңгер студенттер қатысты.

Айтулы шарада Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – тұрақты әлеуметтік даму жөніндегі проректор Бақытжан Омаров құттықтау сөз сөйлеп, кітаптың мазмұны мен маңызына арнайы тоқталды. «Бұл еңбек бір адамның кәсіби жолының шежіресі ғана емес, сот билігінің ішкі философиясын, судья мамандығының айрықша жауапкершілігін ашып көрсететін маңызды туынды», – деді проректор.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Шанхай Цзяотун университеті делегациясымен кездесу өтті. Кездесу барысында тараптар Қазақстан мен Қытай арасындағы ғылыми-білім беру ынтымақтастығын одан әрі дамыту жолдарын талқылады.

Жүздесуде ҚазҰУ Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Марғұлан Ибраимов Қазақстан мен Қытайдың жаңа стратегиялық әріптестік кезеңіне қадам басқанын атап өтті. Марғұлан Қасенұлының айтуынша, бүгінде ғылым, білім және технология салаларындағы өзара ықпалдастық екі ел арасындағы байланысты нығайтып қана қоймай, тұрақты әрі бейбіт болашақ қалыптастырудың маңызды тетігіне айналып отыр. Осы үдерісте Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми дипломатияның жетекші алаңы ретінде Қазақстан, Қытай және Орталық Азия елдерінің ғалымдарын, инженерлері мен студенттерін біріктіріп келеді.

Сондай-ақ проректор уни-

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Марғұлан Ибраимов ҚХР Сучжоу университетінің делегациясын бастап келген проректор Чжан Чжэнбяомен кездесті.

Жүздесу барысында Марғұлан Ибраимов ҚазҰУ Қытайдың 94 жоғары оқу орнымен белсенді ынтымақтастық орнатқанын, университет базасында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалы ашылғанын, сондай-ақ қашықтан зондтау, 5G технологиялары және басқа да бағыттар бойынша бірлескен зертханалар табысты жұмыс істеп келе жатқанын атап өтті. Сондай-ақ ол университет жаңа келешегі зор бастамалар мен бірлескен жобаларды іске асыруға дайын екенін жеткізді.

Өз кезегінде Сучжоу университетінің проректоры Чжан Чжэнбяо серіктестікті дамытуға жоғары қызығушылық танытып, университеттің ғасырдан астам тарихы бар Қытайдағы жетекші көпсалалы зерттеу орталық-

Цзяотун университетімен байланыс



верситеттің Қытай Халық Республикасының 94 жоғары оқу орны мен ұйымымен тығыз әріптестік орнатқанын атап өтті. Қол қойылған келісімдер аясында академиялық ұтқырлық, бірлескен ғылыми-зерттеу жобалары және білім беру бағдарламалары табысты жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Қытай Халық Республикасынан келген 2018 студент білім алуда.

Өз кезегінде Шанхай Цзяотун университетінің вице-президенті Чжан Чжаого жылы лебізін білдіріп, университеттің ғылыми-білім беру әлеуетіне тоқталды. Ол оқу орнының халықаралық рейтингтерде жоғары орындарға ие екенін және әлемдік Топ-100 университеттің қатарында екенін атап өтті.

Әйгерім
ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Бірлескен жобалар іске асады



тарының бірі екенін атап өтті. Қонақ Сучжоу университетінің инженерлік және жаратылыстану ғылымдары саласында мықты базасы бар екенін, сондай-ақ азаматтық құрылыс, экология және материалтану бағыттарындағы бағдарламаларымен танымал екенін жеткізді.

Сапар соңында делегация мүшелері ҚазҰУ музейін аралап, кампус инфрақұрылымымен танысты және алдағы ынтымақтастықтың жоспарын әзірлеу жөнінде уағдаласты.

Айнұр
АҚЫНБАЕВА



«Қорғас ісі» жөніндегі естелігі мен ой-түйіндерін оқырман назарына ұсынады. Сонымен бірге әр жылдары бұқаралық ақпарат құралдарында жария-

ланған мақалалары мен сұхбаттары да жинаққа енгізілген.

Әйгерім
ӘЛІМБЕК

Адамның ең жоғары құндылық екенін айқындайтын құжат

Қазақстанда адам құқықтарын қорғау, отбасы институтын нығайту және сот билігінің тәуелсіздігін арттыруға бағытталған ауқымды конституциялық өзгерістер талқыланды. Бұл мәселелер Конституциялық комиссияның кезекті отырысында қаралған Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жиынтық жобасынан айқын көрініс тапты.



тіктерін нығайту, әлеуметтік құқықтарды кеңейту және құқықтық айқындық қағидатын бекіту сияқты маңызды жаңашылдықтар ұсынылып отыр. Қазіргі уақытта Конституцияның сот әділдігіне арналған бөлімінде көзделген кейбір нормалар адам құқықтарын қорғаудың тікелей кепілдігі ретінде қайта қаралып, «Негізгі құқықтар» бөліміне көшіріледі және жеке баптар аясында жүйеленеді. Бұл сот төрелігінің адам құқықтарын қорғаудағы рөлін күшейтуге бағытталған.

Конституциялық реформа жөніндегі комиссия ұсыныстарының бірі – зайырлылық қағидатын Ата заңда нақты және айқын бекіту. Бұл өте өзекті және уақтылы бастама. Бұл қадам Қазақстанның демократиялық даму жолында аса маңызды. Өйткені мемлекеттің дінге бейтараптығын құқықтық тұрғыдан нығайту – қоғамдағы тұрақтылықты, теңдікті және адам құқықтарын қорғауды күшейтеді.

Зайырлы мемлекет қағидатының маңызы артып келеді

Дін мен мемлекеттің арақатынасын тікелей нормамен бекіту арқылы біз мемлекеттік биліктің бейтараптығын қамтамасыз етеміз. Бұл түрлі дін өкілдеріне, атеистерге және басқа сенім ұстанушыларға тең көзқарасты орнатады, ариодан бостандығын шектемей, керісінше оны нығайтады. Мысалы, қоғамдық пікірталас кезінде көтерілгендей, бұл өзгеріс экстремизм мен радикализмнің алдын алуға да септігін тигізеді. Мемлекет дін мәселелерінен аулақ тұрып, азаматтардың құқықтарын бірдей қорғайтын болады.



Халықаралық тәжірибе бұл ұсыныстың тиімділігін дәлелдейді. Белгілі заңгер Серік Ақылбай атап өткендей, Германияның Конституциясында мемлекеттің дінге бейтараптығы нақты жазылған: мемлекет ешбір дінді ресми түрде қолдамайды, бірақ дін бостандығын қорғайды. Бұл Германиядағы әртүрлі конфессиялардың бейбіт қатар өмір сүруіне жағдай жасаған. Түркияның Конституциясында да зайырлылық қағидаты мемлекеттің негізгі принципі ретінде бекітілген, бұл діннің саяси жүйеге араласуын болдырмай, қоғамдық

тұрақтылықты сақтайды. Қырғызстанның Ата заңында да діннің мемлекеттен бөлектігі тікелей көрсетілген, бұл Орталық Азиядағы көршіміздің демократиялық реформаларындағы маңызды қадамы болды және адам құқықтарының халықаралық стандарттарына сәйкестендіруге көмектесті. Бұл ұсынысты қолдау – Қазақстанның зайырлы мемлекет ретіндегі имиджін күшейтеді және халықаралық қоғамдастықтағы беделін арттырады.

Бекжан МЕЙІРБАЕВ,
философия және саясаттану факультетінің деканы

Комиссияның алғашқы отырысы ұйымдастырушылық әрі мазмұндық тұрғыдан тиісті деңгейде өтті. Бұл жиын комиссия қызметінің бастау нүктесі ретінде маңызды рөл атқарып, алдағы жұмыстың негізгі бағыттары мен жұмыс форматын айқындауға арналды. Күн тәртібіне енгізілген мәселелер мемлекеттің конституциялық дамуы аясында жоғары өзектілігімен ерекшеленді.

Оң өзгерістерге жаңа қадам

Талқылаудың ашық форматта өтуі және қоғам тарапынан ұсыныстардың белсенді түрде түсуі жүзеге асырылып жатқан реформаларға деген сенімді арттырып, Қазақстандағы саяси жаңғырудың диалог пен келісім қағидаттарына негізделі отырып іске асып жатқанын айқын көрсетті. Бұл өз кезегінде билік пен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтуға, қабылданатын шешімдердің легитимділігін арттыруға ықпал етті.

Аталған өзгерістер Парламенттің рөлін күшейтуге және сайланған өкілдердің саяси әрі құқықтық жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Сонымен қатар вице-президент институтының өкілеттіктері мен оның саяси жүйедегі орны жан-жақты қарастырылып, мемлекеттік басқару тетіктерін нақтылау, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті сақ-



тау және жауапкершілік аясын айқындау мәселелеріне ерекше мән берілді.

Жанна ЕРМЕКОВА,
Экономика және бизнес жоғары мектебі, Қаржы және есеп кафедрасының доценті м.а.

Құқықтық жүйені сапалық деңгейге көтеру

Комиссия отырысында ұсынылған түзетулер ең алдымен Конституцияның адамның жеке басына қол сұқпаушылық, негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ сот билігінің тәуелсіздігіне қатысты нормаларын едәуір күшейтуді көздейді. Бұл өзгерістер Ата заңды заман талабына бейімдеуге, адамға бағдарланған құқықтық саясатты институционалдық тұрғыда бекітуге бағытталған.

Жоба таныстырылымы барысында Қазақстан Республикасының Конституциялық соты төрағасының орынбасары Бақыт Нұрмұханов ұсынылып отырған өзгерістердің тұжырымдамалық негіздеріне жан-жақты тоқталды. Оның айтуынша, «Негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер» деп аталатын бөлімге жаңа атау беру ұсынылып отыр және бұл атау бөлімнің мазмұнын әлдеқайда толық әрі жүйелі қамтиды.

Ұсынылған конституциялық новеллалар адамның ең жоғары

ры құндылық екені туралы іргелі қағидатқа сүйене отырып, құқықтар мен бостандықтарды іске асырудың әрі оларды қорғаудың кепілдіктерін күшейтуді мақсат етеді. Бұл – Конституцияның гуманистік сипатын арттыруға бағытталған түбегейлі қадам.

Бақыт Нұрмұханов өз сөзінде аталған өзгерістердің мазмұнын нақтылай келе, олардың өмір сүру құқығын абсолюттік деңгейде бекітуді, адамға бағдарланған мемлекеттік саясатты орнықтыруды көздейтінін атап өтті. Сонымен қатар адамның жеке басына қол сұқпаушылықты күшейту, «Миранда ережесінің» конституциялық деңгейде бекітілуі, цифрлық дәуір жағдайында жеке мәліметтерді қорғау, ар-намыспен қадір-қасиетті қорғау те-

Сөз соңында Бақыт Нұрмұханов «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу» деп аталатын жаңа бөлім Ата заңның мәтінін ең үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес жаңартуға, оның тұтастығы мен жүйелілігін сақтай отырып, құқықтық реттеудің сапасын арттыруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Осылайша Конституциялық комиссияның кезекті отырысында ұсынылған өзгерістер Қазақстанның құқықтық жүйесін жаңа сапалық деңгейге көтеруге, адам құқықтарын қорғау мен отбасылық құндылықтарды нығайтуға бағытталған маңызды қадам ретінде бағаланып отыр.

Уәлихан АХАТОВ,
заң факультетінің деканы

Ел дамуының жаңа кезеңі

Астанада онлайн форматта өткен Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның алғашқы отырысы – қоғамның құқықтық санасы мен мемлекеттік жауапкершілігі тоғысатын маңызды белес екенін атап өткім келеді. Мұндай сәттерде біз құқық үстемдігін және биліктің легитимділігін жаңаша пайымдауға жол ашатын тарихи кезеңді көріп отырмыз.

Конституция – елдің құндылықтық өзегі, қоғамдық келісімнің заңдық көрінісі, азаматтың қадір-қасиеті мен еркіндігін қорғаудың негізгі кепілі. Сондықтан оны жетілдіру мұқият талдауды және ең бастысы – шынайы қоғамдық қатысуды талап етеді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 20 қаңтарда комиссия құру туралы жарлыққа қол қоюы – конституциялық дамуың жаңа бір жауапты бағытын айқындаған шешім. Бұл бастама мемлекетіміздің саяси және құқықтық жаңғыру үдерісін институционалдық тұрғыдан бекемдей түседі.

Комиссияның төрағасы ретінде Конституциялық соттың төрағасы Э.Азимованың бекітілуі де символдық әрі мазмұндық тұрғыдан мәнді: конституциялық өзгерістердің өзегінде құқықтың рухы, әділет идеясы және Негізгі заңның тұрақтылығы тұруы тиіс. Ал комиссия төрағасының орынбасарлары

ретінде Мемлекеттік кеңесші Е.Қарин мен премьер-министрдің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі А.Балаеваның белгіленуі реформаның тек құқықтық-техникалық түзетулер деңгейінде қалмай, саяси жүйе, қоғамдық коммуникация, азаматтық қатысу мәдениеті тұрғысынан кешенді қарастырылатынын аңғартады.

Комиссия жұмысының басталуымен бірге қоғамдағы ең маңызды нәрсе – азамат үнінің естілуі. Әрбір конституциялық жаңғырудың құндылығы оның қаншалықты ашық, инклюзивті және дәлелді түрде талқылануымен өлшенеді. Осы тұрғыда азаматтардан екі мыңнан астам ұсыныс пен өтініштің түсуі – ел азаматтарының өз мемлекетіне бейжай қарамайтынын, құқықтық болашаққа қатысты ұстанымын ашық білдіруге дайын екенін көрсететін маңызды белгі. Бұл – азаматтық бел-



сенділіктің, құқықтық жауапкершіліктің айғағы.

Э.Азимованың комиссия алдындағы міндетті «Негізгі заңның іргелі қағидаттарын сақтай отырып, заманауи сын-қатерлерге лайықты жауап бере алатын конституциялық баптауларды қамтамасыз ету» ретінде сипаттауы – ғылыми-құқықтық логикаға толық сай тұжырым.

Бүгінгі бастама – ел дамуының жаңа кезеңіне, әділдікке, құқық үстемдігіне қадам басу. Сондықтан комиссия жұмысына сәттілік тілей отырып, қоғамды сабырлы әрі жауапты қатысуға шақырамын. Себебі конституциялық реформаның ең үлкен өлшемі – оның мәтінінде ғана емес, сол мәтін арқылы қоғамда әділет пен сенімнің орныға түсуінде.

Жанар КЕГЕМБАЕВА,
профессор-зерттеуші

Ашық диалог қоғамдағы сенімді күшейтеді

Жаңа Конституция жобасында адам құқығы мен бостандығы тұңғыш рет елдің негізгі басымдығы ретінде жарияланып отыр. Бұл идея Конституцияның бүкіл мәтіні өн бойында бар.

Адам құқығы мен бостандығына басымдық берілді



Конституцияның «Негізгі құқықтар, бостандықтар және міндеттер» бөлімінің нормаларын әзірлеу кезінде адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Қазақстан тарапынан ратификацияланған халықаралық фактілер мен басқа да жалпыға бірдей танылған халықаралық құжаттардың талабы барынша ескерілді. Нәтижесінде адам мен азаматтың жеке, әлеуметтік-экономикалық және саяси құқықтарының мазмұны толықтырылды, жаңа қырлары ашылды. Олардың іске асырылуы мен қорғалуына берілген кепілдік анағұрлым нығайды. Жаңа Конституция жобасында адамның негізгі құқықтарын қорғауға басымдық берілген. Мысалы, өмір сүру

құқығының абсолюттілігі, жеке тұлғаға қол сұқпау, цифрлық дәуірде жеке деректерді қорғау, сондай-ақ «Миранда ережесі» бекітіліп отыр. Сонымен қатар жоба сөз бостандығы, ғылыми, техникалық және шығармашылық еркіндік, интеллектуалдық меншік құқықтарын қорғау мәселелерін қамтиды.

Бұдан бөлек, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселесіне ерекше назар аударылған. Мәселен, дін мен мемлекеттің бөліну қағидаты бекітілген. Рухани және діни оқу білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру мен тәрбие жүйесінің зайырлы сипаты жарияланады.

Сонымен қатар неке – ер мен әйелдің ерікті және тең құқықты одағы деген ереже енгізілген. Бұл көзқарас әйелдердің құқықтарын қорғауды және дәстүрлі құндылықтарды нығайтуға бағытталған.

Конституция жобасы – жарты жыл бойы тәжірибелі заңгерлердің, сарапшылар қауымдастығы мен депутаттардың атқарған қажырлы еңбегінің нәтижесі. Ата заңға енгізілген ұсыныстар барлық бөлімдерді және 77 бапты қамтып отыр. Яғни мәтіннің 84 пайызын құрайды.

Қанат ӘУЕСБАЙ,
журналистика
факультетінің деканы

Қазақстан Республикасының жаңа Конституция жобасы еліміздің дамуы үшін маңызды кезеңдердің бірі деп ойлаймын. Бұл құжат мемлекеттің болашағын айқындайтын негізгі қағидаттарды жаңаша қарастыруға бағытталған.

Халықтың еркін білдіретін құжат

Жоба мазмұнынан адам құқықтары мен бостандықтарына ерекше мән берілгенін, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге деген ұмтылысты көруге болады. Қоғамдағы әділеттілік, заңның үстемдігі және азаматтың қадір-қасиеті сияқты құндылықтардың Конституция деңгейінде айқын көрініс табуы өте маңызды оң қадам.

Сонымен қатар жаңа Конституция жобасы мемлекеттік биліктің ашықтығы мен жауапкершілігін арттыруға бағытталғанын аңғартады. Билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті нығайту, өкілді органдардың рөлін күшейту және азаматтық қоғамның қатысуына кеңірек мүмкіндік беру – елдің демократиялық дамуы үшін қажет негіздер.

Маңыздысы – бұл жобаның ашық түрде ұсынылып, көпшілік талқылауына шығарылуы. Әр азаматтың пікір білдіруге мүмкіндігі болуы Конституция-



ның шын мәнінде халықтың еркін білдіретін құжатқа айналуына жол ашады. Мұндай ашық диалог қоғамдағы сенімді күшейтіп, ортақ жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

Аққу МУКСИНОВА,
Азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай алаңында конституциялық реформаның басталғанын жариялап, осы өзгерістерді әзірлеу және талқылау мақсатында арнайы конституциялық комиссия құрылғаны белгілі. Комиссия жұмысының нәтижесінде ұсынылған өзгерістер Қазақстан Республикасының басқару жүйесіне институционалдық және ұйымдастырушылық тұрғыдан елеулі ықпал ететін кешенді реформалар пакетін қамтиды.



Ұсыныстарға сәйкес, елде бірпалаталы парламенттік құрылым енгізіліп, атқарушы билік жүйесінде вице-президент лауазымы бекітіледі. Сонымен қатар бұрынғы Ұлттық құрылтай мен Қазақстан халқы ассамблеясының қызметін тоқтатып, олардың орнына 126 адамнан тұратын Халық кеңесін құру көзделіп отыр. Халық кеңесінің барлық мүшелерін Президенттің тағайындауы басқару жүйесінде жаңа консультатив-



Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасына берілген түсіндірме бағыттары Ата заңға тек формалды өзгерістер енгізу емес, мемлекет пен қоғам арасындағы сапалық тұрғыдан жаңа конституциялық келісімді қалыптастыруға ұмтылыс жасалып отырғанын көрсетеді.

Біріншіден, басқару нысанын нақтылау.

Қазақстан Республикасының президенттік республика екенін Конституция деңгейінде тікелей бекіту көп жылдар бойы қалыптасқан теориялық және практикалық түсініксіздікті жояды. Республика ұғымы басқару нысаны ретінде және республиканың нақты моделі – парламенттік, президенттік, аралас – Конституциялық құқық теориясында түрлі санаттар болып табылады. Ұсынылып отырған редакция «Күшті Президент – ықпалды Құрылтай – есеп беретін Үкімет» моделінің логикасына сай келеді және саяси жауапкершілікті бөлуде айқындықты қамтамасыз етеді.

Екіншіден, әкімшілік-аумақтық құрылым.

Әкімшілік-аумақтық құры-

Басқарушылық трансформация ретінде қарастырылуы тиіс

тік-институционалдық тетіктің қалыптасуын білдіреді.

Менеджмент тұрғысынан алғанда, аталған өзгерістер мемлекеттік басқарудың архитектурасын қайта құрумен тікелей байланысты. Бірпалаталы Парламентке көшу басқару шешімдерін қабылдау тізбегін оңтайландыруға бағытталған қадам ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл жағдайда шешім қабылдау жылдамдығы, рәсімдердің қысқаруы және басқарушылық циклдің тиімділігі алдыңғы орынға шығады.

Вице-президент институтының енгізілуі стратегиялық басқару сабақтастығын, жоғары деңгейдегі өкілеттіктерді бөлу мен жауапкершілікті нақтылауды талап етеді. Мұндай

модель басқаруда өкілеттіктерді делегирлеу, стратегиялық және операциялық функцияларды ажырату тұрғысынан жаңа басқарушылық механизмдерді қалыптастыруды қажет етеді.

Ал Халық кеңесінің құрылуы мемлекеттік шешімдерге кеңесші сипаттағы қатысу тетігін институционализациялауға бағытталған. Басқару теориясы тұрғысынан бұл — stakeholder management және кеңес беру арқылы басқару (consultative governance) элементтерін күшейтуге бағытталған модель. Алайда оның тиімділігі кеңестің функцияларының айқындығына, шешім қабылдау процесіне ықпал ету деңгейіне және есептілік тетіктеріне тікелей байланысты болады.

Жалпы алғанда, ұсынылып отырған конституциялық өзгерістер құқықтық қана емес, ең алдымен басқарушылық трансформация ретінде қарастырылуы тиіс. Олардың табысты іске асуы өзгерістерді басқару, институционалдық бейімделу, басқару процестерін қайта жобалау және кадрлық даярлық сияқты менеджменттік құралдардың тиімді қолданылуына тәуелді.

Гүлжihan СМАҒҰЛОВА,
профессор міндетін атқарушы

Конституциялық жоба заң үстемдігін көздейді



икемділік конституциялық «қызыл сызықтармен» үйлесім табады.

Үшіншіден, егемендік және халық.

Айрықша назар аударуға тұрарлық мәселе – Конституцияда халықтың мемлекеттік биліктің бастауы ғана емес, егемендіктің бірден-бір иесі екенін бекіту. Бұл – декларативтік тұжырым емес, іргелі құқықтық қағида. Егемендік өзінің табиғаты бойынша бастапқы және құрылтайшылық сипатқа ие және одан туындайтын мемлекеттік органдарға тиесілі бола алмайды. Осы арқылы халықтың егемендікті институционалдық егемендікпен алмастыру қаупі жойылады.

Жалпы алғанда, жоба Қазақстанның тәуелсіздігін қалыптастыру кезеңіндегі Конституциядан кемелденген мемлекет Конституциясына өтуін көрсетеді.

Саида АСАНОВА,
заң факультеті деканының орынбасары, PhD

Институционалдық дамудың берік негізі

Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысында Мемлекет басшысы ел дамуының құқықтық негіздеріне қатысты мазмұнды баяндама жасады. Онда мемлекеттік басқару жүйесінің эволюциясы, қоғамдық институттардың рөлі және Конституцияны жаңарту қажеттігі қарастырылды. Құрылтай алаңы бұл жолы да ұзақ мерзімді нәтижеге бағытталған шешімдер талқыланатын маңызды кеңістік ретінде көрінді.

Ел дамуына жасалған қадам

Конституция – елдің саяси және құқықтық негізі. Ол билік тармақтарының өзара байланысын, құқықтың қолданылу шегін, қоғамдық келісімнің құқықтық өлшемдерін белгілейді. Осы тұрғыдан алғанда, Конституцияны жаңарту – жекелеген түзетулер жиынтығы емес, құқықтық жүйенің табиғи даму сатысы. Ұсынылған өзгерістер бұрын қабылданған реформалардың қисынды жалғасы болып, мемлекеттік институттардың жұмысын нақтылауға бағытталған.

Құқықтық жүйе уақыт талабына сай дамып отырады. Кейінгі жылдары әкімшілік рәсімдердің жаңаруы, конституциялық бақылаудың күшеюі, сот жүйесіндегі институционалдық өзгерістер құқықтық мәдениеттің жаңа деңгейін

қалыптастырды. Конституцияның жаңартылған нұсқасы осы үдерістерді бір арнаға түсіріп, құқықтық реттеудің ортақ қағидатын бекітуге мүмкіндік береді.

Қоғам үшін маңыздысы – басқару жүйесінің түсінікті әрі бірізді жұмыс істеуі. Бұл нақты рәсімдерге, өкілеттіктердің айқын шектелуіне және жауапкершіліктің нақты бекітілуіне байланысты. Мемлекеттік биліктің сабақтастығын құқықтық нормалармен белгілеу, сайлау мен тағайындау тәртібін анық көрсету басқару ісіне деген сенімді күшейтеді.

Осы үдерістерді оқу, талдау және түсіндіру тәжірибесінде күнделікті көріп жүрген жоғары



оқу орындарының оқытушы-профессорлар қауымы үшін ұсынылып отырған өзгерістердің логикасы түсінікті. Біз Конституцияны жаңартуды құқықтық жүйені дамытуға және басқарудағы жауапкершілікті күшейтуге бағытталған қадам деп білеміз.

Оған қоса, жаңа кезеңнің күн тәртібі құқықтық реттеуге жаңа талаптар қойып отыр. Цифрлық технологиялардың дамуы дербес деректерді қорғау, цифрлық кеңістіктегі құқықтарды айқындау мәселелерін Конституция деңгейінде бекітуді қажет етеді. Экология мен табиғатты қорғау қағидатының негізгі заңда көрініс табуы мемлекеттік саясаттың ұзақ мерзімге бағытталған сипатын көрсетеді.

Демек, Конституцияны жаңартуды ел дамуына жасалған қадам деп бағалауға болады. Бұл өзгерістер құқықтық жүйенің дамуын жалғастырып, мемлекеттік институттардың жұмысын жүйелеуге мүмкіндік беретініне сенім мол.

Райкүл АРЫСТАНОВА,
аға оқытушы

Прембулада бекітілген тұжырымдар мемлекеттің құқықтық, саяси, әлеуметтік негізіне сапалық өзгерістер енгізетін ұзақ мерзімдік стратегиялық бағыттарды айқындауы тиіс. Осыған байланысты қарастырғанда ғылым мен білімге, гендерлік саясатқа қатысты ұстанымдар алдағы уақытты Ата заңның қоғамды қандай бағытта дамытатынын кепілі бола алады. Ең әуелі ғылым мен білімнің функциясы қоғам өркениетің өлшемі және ұлттық дамудың жаңаша таңдауы болады.

Жаңа өзгерістердің жаңалығы көп

Ол қазіргі заманғы бәсекеге қабілеттілікті арттырып қана қоймай, адам капиталдың сапасын жетілдіруге, жаңа экономикалық қатынастардың орнығуына негіз бола алады. Сонымен бірге интеллектуалды еңбектің рөлі күшейіп, ықпалы артады. Ғылым мен білім шынайы басты құндылық болған елде ғана өркениеттің өресі кеңейе түспек. Бұдан әрі де білімге, оқуға қолжетімділікті арттыра отырып, ғылымды қаржыландыруға, ғалымдардың әлеуметтік әлеуетін көтеруге күш салған абзал дер едім. Сайып келгенде, білім мен ғылым мемлекеттің болашағын айқындайтын фактор. Адами қарым-қатынастар мен құндылықтарды жетілдірудің бір жолы – гендерлік саясатты ұлттық болмысқа ыңғайлап, үйлестіре жетілдірудің мәні зор болар еді. Заң жеке бір топтың



мүддесін ғана емес, ең әуелде барлық азаматтардың құқықтық кеңістігін қорғауы қажет деп білемін.

Раушан АВАКОВА,
Түркітану және тіл теориясы кафедрасы

Мен жаңа Конституцияның қабылдануын Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық жүйесін жаңғыртуға бағытталған маңызды әрі уақтылы қадам деп бағалаймын. Конституциялық реформалар мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтып, азаматтарға ел басқару ісіне қатысу тетіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Шешім қабылдау рәсімдерінің ашықтығы артады

Құрылтай жоғары өкілді орган ретінде халықтың еркін білдіруінің заманауи институтын қалыптастырып, заң шығару қызметіндегі өкілділік пен ашықтықты арттыруға бағытталған. Өкілеттіктердің нақты мерзіммен белгіленуі және олардың Конституциямен реттелуі мемлекеттік биліктің тұрақтылығы мен сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Жаңа Конституция арқылы халықтың өкілдігі күшейтіліп, шешім қабылдау рәсімдерінің ашықтығы артады, депутаттардың құқықтық мәртебесі нақты айқындалады және елдің орнықты дамуына қажетті институционалдық негіз қалыптасады.

Мен бұл өзгерістерді тек заңнамалық жаңарту емес, қоғам мен мемлекет арасындағы жаңа қоғамдық келісімнің қалыптасуы деп бағалаймын. Конституциялық реформалар жауапты басқару қағидаттарын нығайтып, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қор-



ғауға бағытталған тиімді мемлекеттік жүйені орнықтыруға мүмкіндік береді.

Жаңа Конституция әділетті, тұрақты және заманауи Қазақстанды қалыптастыру жолындағы маңызды қадам болып табылады.

Ербол ӘЛІМҚҰЛОВ,
заң факультеті деканының орынбасары

Конституция человекоцентричной модели государственного управления

Граждане Республики Казахстан начали знакомство с новой редакцией Основного закона страны – Конституции РК.

Как отмечает TENGRI NEWS, была полностью обновлена преамбула Конституции РК. В Конституции отражены общенациональные ценности, которые представляют прошлое и являются ориентиром для настоящего и будущего развития государства. Как пишут корреспонденты, изменения в Конституции затронули все её разделы и 77 статей, что составляет 84 процента текста Конституции. Эти изменения, конечно, заслуживают нашего внимания.

Вносимые изменения в Конституцию Республики Казахстан отражают стремление государства к модернизации и укреплению демократических принципов. Они направлены на совершенствование системы государственного управления, повышение роли гражданского



общества, усиление гарантий прав и свобод человека. Ключевой целью вносимых редакционных изменений в Конституцию является повышение качества жизни населения и справедливости, защиту интересов граждан в соответствии с человекоцентричной моделью управления страной. Расширение прав и свобод граждан, избрание акимов гражданами страны, населением отдельной территории, усиление роли Национального

курултая (однопалатного парламента) ведёт к более справедливому распределению полномочий и развитию реальной демократии.

Ориентир на цифровые технологии и искусственный интеллект повысят эффективность государственного управления, прозрачность принимаемых управленческих решений, укрепят доверие общества к государственным институтам. Изменения, касающиеся подотчётности государственной власти, обеспечат доступ к открытому диалогу между государством и гражданами Казахстана.

Рекомендации по реформированию Конституции Республики Казахстан отражают стремление страны идти в ногу с современными вызовами, укреплять правовую систему и создавать условия для реализации Целей устойчивого развития.

Галима САНСЫЗБАЕВА,
профессор кафедры «Менеджмент» Высшей школы экономики и бизнеса

Патриарх юридической науки



Салык Зиманович Зиманов – поистине явление в казахстанской науке и по праву считается одним из основателей юридического образования и науки республики. Писать о Зиманове непросто, потому что им внесен колоссальный вклад в науку Казахстана и вся его жизнь была посвящена служению Родине.

Как писал сам С.Зиманов, он родился в семье крестьянина Зимана Джарылгасинова 19 февраля 1921 года в Гурьеве, работал учителем математики, с 1939 года служил рядовым в рабоче-крестьянской Красной Армии, а в 1944-1945 годах был командиром дивизиона, заместителем командира минометного полка по строевой части, командиром артполка. Демобилизован в июне 1946 года в звании полковника, четырежды был ранен. Военные подвиги по заслугам были отмечены правительственными наградами: орденами Отечественной войны I степени (дважды), Красной Звезды, медалью «За оборону Кавказа», медалью «За взятие Кенигсберга» и еще семью боевыми медалями. После демобилизации С.Зиманов поступил в Казанский филиал Всесоюзного юридического заочного института, а затем перевелся в его Алма-Атинский филиал. Обучение в ВЮЗИ С.Зиманов сочетал с практической работой в органах прокуратуры.

Помимо фронтовых наград С. Зиманов награжден орденами «Отан» (2010 г.), «Парасат» (2001 г.), Дружбы народов, он заслуженный деятель науки Казахстана (1971 г.), Лауреат Президентской премии мира и духовного согласия (1993 г.), Лауреат Государственной премии Республики Казахстан (2001 г.). Академик автор более 300 научных статей, 17 монографий – из них 12 написаны им лично, а другие - в соавторстве. С. З. Зиманов – 1955-1957 годы первый декан юридического факультета КазГУ. Создал школу: 36 кандидатов юридических наук, в том числе более 10 – из бывших союзных республик и 16 докторов наук. Он был официальным оппонентом по 37 докторским и кандидатским диссертациям. Эта школа разрешала и продолжает разрешать проблемы широкого научного диапазона. Активности С.Зиманова мог бы позавидовать любой ученый. Ряд работ автора были посвящены проблемам истории государства и права Казахстана. В частности, следует назвать монографии: «Общественный строй казахов первой половины XIX века» (1958 г.), «Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX века» (1960 г.), «Россия и Букеевское ханство» (1982 г.), «Казахский суд биев - уникальная судебная система» (2008 г.). Под редакцией С.Зиманова и с его предисловиями изданы: «Уголовно-судебное уложение Карла V - «Каролина» (XVI в.)» в переводе и с примечаниями С.Я.Булатова

(1967 г.), а также часть уникальной работы С.Л.Фукса по истории казахского обычного права (1981 г.). Трехтомная работа по истории государства и права Советского Казахстана была подготовлена в республике под редакцией С.Зиманова (совместно с М.А.Биндером). Значительный вклад академик С.Зиманов внес в исследование научных проблем по истории правовой и политической мысли Казахстана второй половины XIX века - начала XX века. Хотелось бы выделить следующие его монографии: «Политические взгляды Чокана Валиханова» (1965 г. совместно с А.А.Атишевым), «Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина» (1989 г. совместно с К.З.Идрисовым). В советский период ряд работ С.Зиманова были посвящены проблемам национально-государственного строительства. Следует назвать следующие его монографии: «Некоторые вопросы методологии изучения национально-государственного строительства» (1974 г.), «Казахский отдел Народного комиссариата по делам национальностей РСФСР» (1975 г. в соавторстве с С.О.Даулетовой и М.Ш.Исмагуловым), «От освободительных идей к Советской государственности в Бухаре и Хиве» (1976 г.), «Советская национальная государственность и сближение наций» (совместно с И.К.Рейтером). В 1996 г. им была опубликована монография «Конституция и Парламент Республики Казахстан» объемом 352 страницы, а два года спустя (в 1998 г.) им была опубликована монография «Теория и практика автономизации в СССР». В 2007 г. вышла книга С.Зиманова на русском и английском языках «Государство и контракты в сфере нефтяных операций». С.Зиманов являлся руководителем государственной программы «Культурное наследие» по изданию десятилетней коллективной работы «Древний мир права казахов». Следует отметить, что вышло десять томов данной работы к 2009 году. Хотелось бы высказать искренние слова благодарности медиа-корпорации «Зан», которая в 2009 г. издала 10 томов собрания сочинений академика С.Зиманова, куда вошли основные его произведения более чем за 60-летний период научного творчества. Имя Салыка Зиманова навсегда останется в истории советского и независимого Казахстана! На 100 летнем юбилее ученого на его малой родине в г.Атырау установлен памятник Салыку Зиманову, а также его имя присвоено средней общеобразовательной школе N 37 Атырау.

Бахыт МАУЛЕНОВА,
к.ю.н., доцент
кафедры политики и организации здравоохранения

Недавно исполнилось 50 лет Андрею Мечиславовичу Гржибовскому – доктору медицины, профессору и международному эксперту в области общественного здравоохранения, эпидемиологии и биостатистики, чья профессиональная деятельность на протяжении многих лет тесно связана с развитием науки и высшего образования. За годы научной и педагогической деятельности он внес значительный вклад в развитие общественного здравоохранения и подготовку научных кадров, выпустив 50 докторов PhD, 38 из них в Казахстане, 9 – в Норвегии и 3 – в Швеции.

50 лет – 50 докторов PhD



В 2005 году Андрей Мечиславович получил степень доктора медицины в Каролинском институте (г. Стокгольм, Швеция) – одном из ведущих медицинских университетов мира, где присуждаются Нобелевские премии по физиологии и медицине. С казахстанскими вузами Андрей Мечиславович сотрудничает с 2011 года. В настоящее время он является визитинг-профессором кафедры политики и организации здравоохранения Казахского национального университета имени аль-Фараби. Активное сотрудничество с КазНУ продолжается с 2019 года. Профессор Гржибовский А.М. занимает ряд ответственных академических и экспертных позиций. Он является советником ректора университета «РЕАВИЗ» (Санкт-Петербург) по научной и инновационной работе, профессором Сеченовского университета (Москва), главным научным сотрудником лаборатории арктического мониторинга. В разные годы он работал старшим советником Главного эпидемиолога Норвегии, профессором общественного здравоохранения Арктического университета Норвегии, старшим советником Университета Осло по вопросам биостатистики, а также координировал международные грантовые программы Norway Grants и European Economic Area Grants в сфере здравоохранения. Андрей Мечиславович – автор более 600 научных публикаций, включая свыше 200 статей в журналах, индексируемых в Web of Science и Scopus, в том числе квартиля Q1. Его h-индекс составляет 26. В 2019–2024 годах он являлся главным редактором журнала «Экология человека», входил в редакционные коллегии ведущих международных научных изданий и привлекался в качестве эксперта Всемирной организации здравоохранения по вопросам оценки уязвимости населения Казахстана к изменениям климата. Особое место в деятельности

профессора Гржибовского А.М. занимает работа с молодыми исследователями. Он является признанным специалистом в области статистического анализа и академического письма, последовательно обучает магистрантов и докторантов современным методам научных исследований и подготовки публикаций для международных научных журналов. За годы сотрудничества с КазНУ имени аль-Фараби профессором Гржибовским А.М. опубликовано более 40 научных статей в аффилиацией университета в соавторстве с казахстанскими авторами. Под его научным руководством 5 докторантов КазНУ находятся в процессе подготовки к защите, он является инициатором трёх научных проектов с участием преподавателей кафедры. Профессор регулярно читает лекции, проводит мастер-классы и семинары по дисциплинам «Биостатистика», «Продвинутая эпидемиология» и «Академическое письмо». За значительный вклад в развитие медицинской школы КазНУ имени аль-Фараби и плодотворную научно-образовательную деятельность профессору Андрею Мечиславовичу Гржибовскому в 2023 году было присвоено звание «Почётный профессор КазНУ имени аль-Фараби». Коллектив кафедры политики и организации здравоохранения КазНУ имени аль-Фараби поздравляет Андрея Мечиславовича с юбилеем, желает крепкого здоровья, благополучия, научных открытий, вдохновения и успешной реализации самых смелых проектов. Мы уверены, что его богатый международный опыт и дальше будет служить развитию науки и подготовке высококвалифицированных специалистов, достойно представляющих КазНУ на международной арене.

Риза ЕСЕРГЕНЕВА,
старший преподаватель
кафедры политики и организации здравоохранения

Ұстаз – шәкірттің ғана емес, бүтін бір ұлттың тағдырын айқындайтын тұлға. Мен де кеше шәкірт болған адаммын. Өміріме үлкен өзгеріс әкелген екі азамат болды. Оларды ұстаздарым ретінде пір тұтып, тағзым етемін. Аруақтары разы болсын, сол екі азаматтың бірі туралы сөз қозғағым келеді.

1962 жылы С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың Психология және педагогика кафедрасының аспирантурасына түстім. Ол кезде кафедра меңгерушісі үлкен ғалым, профессор, академик деген атақтары бар Төлеген Тәжібаев деген азамат еді. Сол кісі менің ғылыми жетекшім болды. Маған еңбек тәрбиесіне байланысты тақырып берді. Оқушы балалардың қабілетін, дарындылығын зерттеп, мектеп бітіргеннен кейін қандай мамандық таңдайды? Соған кәсіби бағыттағдар беруді психологиялық тұрғыдан зерттеуді маған жүктеді.

Аспирант болғанда бір қыз бен екі ұлдың әкесі атанған, балалы-шағалы едім. Қырсық деген аяқасты болатын дүние ғой. Дәл осы жылы кіші ұлым дүниеге келген соң, әйелім қатты науқастанып, бір жылдан кейін айықпас аурудан дүние салды. Қызымның алты, үлкен ұлымның төрт және кіші баламның бірден асқан кезінде жалғыз қалдым. Қатты қиналдым. Басымда баспанам жоқ. Күн көретін қаражатым – аспиранттың стипендиясы ғана.

Осы кезде ғылыми жетекшім Төлеген Тәжібаев маған ағалық ақылын айтып, рухани қолдаған кездері көп болды. Ол кісінің өзі жеті жасында әкешесі, бауырлары аштық нәубетінен қайтыс болып, жетім қалған екен. Кісінің қолында, содан кейін балалар үйінде тәрбиеленіп, жетім болып жетілген көрінеді. Ол кісінің көргені жанында менің көріп жатқаным ештеңе еместей көрінді. Келер күнге деген күш-қуат, жігер пайда болды.

Бір күні ұстазым мені министр Қали Биляловтың кабинетіне алып кірді. Мен туралы сол жерде министрге жылы-жылы сөздерін айтты. Айтқан сөзінің түйіні сол – «осы жігітке қамқоршы бол» деді. Дегенмен Төлеген Тәжібаевтың өзі келесі жылы ауырып қалды. Бұл 1964 жылдың наурыз айы еді. Содан бір күні ол кісі ауруханадан шығып, кафедраға келіп, бәріміздің басымызды қосып, Мәскеуге кетіп бара жатқанын, ол жақта операция жасасатынын айтты. Үлкен өкініштісі сол – ұстазым Мәскеуден қайтпады. Шынымды айтайын, бұл қаза маған да ауыр тиіп, қатты әсер етті. Әкемдей болған еді. Ескексіз қайықтай қалғанымды сезіндім.

Бір күні маған хабар келді. Мені жоғары білім министрі Қали Билялов кабинетіне шақырыпты. Министр мені жылы қабылдап, Төлеген Тәжібаев туралы біраз естеліктер, ол кісінің азаматтығы төңірегінде жылы пікірлерін айтты. «Саған әкеңдей кісі еді» деп, маған қазасына орай көңіл айтты. Ол кісінің маған «қамқоршы бол»

деген аманаты бар екенін де ұмытпағанын, мүмкіндік болса, қолдан келгенше көмегін беретінін тілге тиек етті. «Сен, бірақ, маған жұмысқа ауысасың» деді. Сонымен мен ғылым бөліміне аға инспектор болып қабылдандым. Сол кезден бастап ол кісі менің ұстазым болды. Маған берген сөзінде тұрып, бір жылдан кейін Алматының шет жағындағы шағын аудандағы жаңадан салынған бір үйдің екінші қабатынан үш бөлмелі пәтер берді. Екі жылдан соң ғылыми кадр даярлау бөлімінің басшысы болдым. Жалпы, министрлікте он жылдай уақытым өтті. Министр қайда барса да, мені тәжірибе жинасын дегені болса керек, қасына ертіп алатын болды. Қазақстанның барлық қалаларына сапармен бардық. Мәскеуге, Киевке, Ленинградқа да бардық. Онда жоғары оқу орындарын аралап, өзімізге



Бірінші білім министрі – Билялов

Қ.Биляловтың осы министрлікті 12 жыл басқарған кезеңінде республика экономикасының өрлеуіне орай, Жоғары және орта арнаулы білім министрлігі жаңа даму бағыты жолына түсті. Республика министрлігінің жүйесінде 12 жаңа жоғары оқу орны, 28 орта арнаулы білім ошағы, 6 филиал және жоғары оқу орындарының 12 жалпытехникалық факультеттері ашылып, бұрынғы жоғары оқу орындары қайта құрылды және кеңейді. Республика оқу орындарының Ресей, Украина, Белоруссия, басқа да республикалардың алдыңғы қатарлы оқу мен ғылыми орталықтарымен байланыстары нығайды.

лім министрі болады. Арнайы министрліктің құрылуы жоғары оқу орындарындағы оқу-әдістемелік, ғылыми жұмыстарды бір мақсатқа жұмылдыруға мүмкіндік тудырды. Осының бәрі кадр даярлау деңгейінің көтерілуіне, республикадағы жоғары және орта арнаулы оқу орындары жұмыстарының жетілуіне ықпал етті.

Қ.Биляловтың осы министрлікті 12 жыл басқарған кезеңінде республика экономикасының өрлеуіне орай, Жоғары және орта арнаулы білім министрлігі жаңа даму бағыты жолына түсті. Республика министрлігінің жүйесінде 12 жаңа жоғары оқу орны, 28 орта арнаулы білім ошағы, 6 филиал және жоғары оқу орындарының 12 жалпытехникалық факультеттері ашылып, бұрынғы жоғары оқу орындары қайта құрылды және кеңейді. Республика оқу орындарының Ресей, Украина, Белоруссия, басқа да республикалардың алдыңғы қатарлы оқу мен ғылыми орталықтарымен байланыстары нығайды.

зеңінде республика экономикасының өрлеуіне орай, Жоғары және орта арнаулы білім министрлігі жаңа даму бағыты жолына түсті. Республика министрлігінің жүйесінде 12 жаңа жоғары оқу орны, 28 орта арнаулы білім ошағы, 6 филиал және жоғары оқу орындарының 12 жалпытехникалық факультеттері ашылып, бұрынғы жоғары оқу орындары қайта құрылды және кеңейді. Республика оқу орындарының Ресей, Украина, Белоруссия, басқа да республикалардың алдыңғы қатарлы оқу мен ғылыми орталықтарымен байланыстары нығайды. Өз кезегінде орыс және әлем мәдениетіне, ғылымы мен біліміне жол ашуды көздеген министр бұл жолды Қазақстанның болашағына жол ашумен тең деп көрсетті. Осы істе шетел университеттері мойындаған Қ.Биляловтың еңбегі ұшан-теңіз.

1960 жылы КСРО жоғары мектебі делегациясының құрамында АҚШ-тың Вашингтон, Питтсбург, Кливленд, Бостон және Нью-Йорк қалаларында болып, Джон Хопкинс, Питтсбург және Гарвард университеттеріндегі оқу процесі мен ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру тәжірибесі зерттелді. 1965 жылы Қ.Билялов КСРО жоғары мектебі делегациясының құрамына басшылық жасап, жоғары білім мәселелері бойынша Англияға барып қайтты. Сапар барысында Лондон, Кембридж, Оксфорд университеттерінде, Бирмингем және Манчестер, басқа да университеттерде болды. 1967 жылы КСРО Жоғары оқу орны министрлігі делегациясының құрамымен Канаданың Монреаль қаласындағы әлемдік ЭКСПО көрмесінде болып, Оттава мен Торонто

университеттерінің жұмысымен танысты. 1970 жылы КСРО жоғары оқу орны делегациясы құрамында Берлинде болған социалистік елдердің жоғары оқу орындары министрлерінің бесінші конференциясы жұмысына қатысты. Сонымен қатар Германияның бірқатар оқу орындарында болды. Әріптестері мен КСРО министрі В.П.Елютиннің пікірі бойынша, Қ.Билялов жоғары және орта білім министрліктерінде өте беделді министр болып есте қалды. Ол бірнеше рет КСРО жоғары білім мектебі қызметкерлерінің съезіне делегат болып сайланды. КСРО Жоғары оқу орны министрлігінің грамотасымен марапатталды.

1971 жылдың маусымында Қ.Билялов Қазақ КСР Кеңесі төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Әлеуметтік сфера мәселелерін шешуді басшылыққа алған ол республикадағы мәдениеттің, ғылымның, білімнің, денсаулық саласының, дене шынықтыру мен спорт ісінің ілгері дамуына өзіндік еңбегін сіңірді. Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесі жанындағы әдебиет, өнер және архитектура саласы бойынша Мемлекеттік сыйлықты тағайындау комитетін басқарды. Мемлекетке сіңірген еселді еңбегі үшін Қ.Билялов Ленин орденімен, үш рет «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, сол секілді екі рет Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен, КСРО Мемлекеттік жоспарлау комитетінің грамотасымен марапатталды.

Мемлекетіміздің даму жолына барын аямаған Қ.Билялов 1974 жылдың соңында ауыр халде болып, 1976 жылы зейнетке шығып, келесі жылдың 6 желтоқсанында 59 жасында дүниеден озды. Алматының мыңдаған халқұлы тұлғамын соңғы рет қоштасып, оған құрмет көрсетуге ағылды. Ол көпшіліктің көкейінде өзінің адамшылығымен, қарапайымдылығымен, жоғары мәдениеттілігімен, халқының перзенті ретінде еліне берілгенімен есте қалды. Содан бері талай жыл өтсе де, қазақ қоғамындағы ұлы тұлғалардың бірі ретінде көпшіліктің есінде сақталып қалды. Қазір ойлап қарасам, әрқайсымыздың өмір жолымызда ұстаздың ізі бар. Біз ұстаздан жазуды, оқуды, дұрыс ойлауды, үлкен өмірге бағыт-бағдар алуды үйрендік. Сол үшін ұстазға тағзым ету – адамдықтың ең үлкен белгісі.

Ұстаз алдында әр шәкірттің парыз бен қарыз деген екі үлкен міндеті бар. Парызы – ұстаздың берген біліміне құрметпен қарау. Қарызы – сол алған білімін ел игілігіне жұмсауы. Мен де осы қағидадан аспай, ұстаз алдындағы міндеттерімді орындайын деп, қолыма қағаз бен қаламымды алған едім. Бір үзік сырға айналған ұстаз туралы тебіренісім осы мақсатты көздеген еді. Сөзімді түйіндесем, міне, осындай өмір соқпақтарынан өткен азаматтың, ұстазымның еңбек жолы кейінгілерге өшпес өнеге, ғибрат алар тәлім-тәрбие, үлгі болары даусыз.

Жолмұқан ТҮРІКПЕНҰЛЫ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры,
ҚР Гуманитарлық академиясының академигі

Жас ғалымдарға арналған конгресс

Алматы қаласында II халықаралық жас ғалымдар конгресі өтті. Іс-шара ҚР Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының ұйымдастыруымен ЮНЕСКО-ның «Сенім, өзгерістер және ертеңгі күн: 2050 жылға қажет ғылым» тақырыбы аясында өтті.



Пленарлық отырыс «Ғылым ордасында», ал секциялық мәжілістер қаланың жетекші бес жоғары оқу орнында ұйымдастырылды. Конгреске 1000-нан астам жас зерттеуші, 24 елден 80-нен астам шетелдік ғалым, ғылыми диаспора өкілдері, академиктер мен депутаттар қатысты.

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин қатысушыларға құттықтау жолдап, жас ғалымдарды қолдаудың мемлекеттік саясаттағы басым бағыт екенін атап өтті. Ол ғылымды қаржыландыру көлемінің артуы, тағылымдамалар мен әлеуметтік қолдау тетіктерінің кеңеюі жөніндегі шараларға тоқталды.

Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова мектептерде зерттеу ортасын қалыптастыру, STEM-зертханаларды дамыту және дарынды оқушыларды қолдауға бағытталған жаңа бастамаларды таныстырды.

ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев ғылыми

жүйені жетілдіруге арналған академияның жаңа моделін ұсынып, форсайт-зерттеулер нәтижесінде анықталған 220 ғылыми-техникалық мәселе мен 65 ғылыми-техникалық тапсырманы таныстырды. Сонымен қатар AI SilkNet форсайт орталығы, кеңістік-уақыттық жасанды интеллект зертханасы және отандық DeerBas моделі сияқты бастамалар жарияланды. PhD даярлау сапасын арттыру, зертханалық құрал-жабдықтарға қолжетімділікті кеңейту және өңірлік ғылымды қолдау мәселелері де ерекше назарға алынды.

Пленарлық отырыста отандық және шетелдік ғалымдар жасанды интеллект, пәнаралық интеграция, ғылымдағы халықаралық ынтымақтастық және үлкен деректерді басқару мәселелерін талқылады. АҚШ, Еуропа және Азия елдерінің өкілдері қазақстандық зерттеушілердің жаһандық ғылыми бағдарламаларға қатысу мүмкіндіктерін атап өтті.

Конгресс аясындағы

секциялар жаратылыстану ғылымдары, ғарыш, жасанды интеллект, агробиоресурс, биомедицина, экология, білім беру және қоғамдық даму бағыттарын қамтыды. Сонымен қатар шеберлік-сыныптар, гранттар мен ғылыми жарияланымдарға арналған кеңес, жас ғалымдардың инновациялық жобалар көрмесі ұйымдастырылды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен «Жер, ғарыш және коммуникация» секциясына қатысушылар ерекше қызығушылық танытты. Аталған секцияға 70-тен астам қатысушы, 20-дан астам спикер келіп, екі воркшоп пен университет кампусы бойынша арнайы тур ұйымдастырылды.

Конгресс қорытындысында жас ғалымдар Президент айқындаған ғылымды дамыту бағытын қолдайтын білдіріп, «Ғылым жастары» тұжырымдамасын іске асырудың маңызын атап өтті. Сондай-ақ ғылыми-техникалық тапсырмаларды қаржыландыру конкурстарына енгізу, PhD даярлау жүйесін жетілдіру, зертханалық инфрақұрылымға қолжетімділікті кеңейту және пәнаралық зерттеулерді дамыту бойынша нақты ұсыныстар қабылданды. Конгресс материалдары негізінде инфографикалық рефераттар жинағы әзірленіп, ҚР ҰҒА ресми сайтында жарияланатын болды.

Жандос ТӨРЕҒҰЛҰЛЫ,
PhD, доцент, Химиялық физика және материалтану кафедрасының меңгерушісі



Білім – болашақтың берік іргетасы. Ал сол іргетасты қалауда жиырма жылдан астам тарихы бар ҚазҰУ жанындағы колледждің алар орны ерекше. Уақыт сынынан өткен бұл оқу орны сапалы білім берумен қатар, саналы тәрбиеге басымдық беріп, қоғамға қажет адал азамат тәрбиелеуді басты мұрат етіп келеді.

Нағыз маман тәрбие арқылы қалыптасады



Колледждегі оқу үдерісі заман талабына сай ұйымдастырылған. Білім беру бағдарламалары үнемі жаңартылып, тәжірибеге бағытталған оқыту жүйесі қалыптасқан. Студенттер теориялық білімді тәжірибемен ұштастырып, болашақ мамандығына ерте бейімделеді. Университетпен тығыз байланыс колледж студенттері үшін үлкен мүмкіндік, олардың кәсіби көкжиегін кеңейтіп, білім сапасын арттыруға жол ашады.

Дегенмен нағыз маман тек біліммен емес, тәрбие арқылы қалыптасады. Осыны терең түсінген колледж ұжымы тәрбие жұмысына ерекше мән береді. Студенттердің азаматтық жауапкершілігін арттыру, отансүйгіштік рухын қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу – күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі.

Осы бағыттағы жұмыстар «Адал азамат» біртұтас бағдарламасы аясында жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Бағдарламаның түпкі мақсаты – адалдықты өмір-

лік ұстанымына айналдырған, еңбекті қадірлейтін, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінетін тұлға тәрбиелеу. Колледжде бұл бағдарлама тек құжат жүзінде емес, нақты іс-әрекет арқылы көрініс табуда. Волонтерлік бастамалар, тәрбиелік кездесулер, ашық пікірталастар мен әлеуметтік жобалар студенттердің өмірлік көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуде.

Бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжі – білім мен тәрбие егіз ұғым екенін дәлелдеп келе жатқан оқу ордасы. Мұнда әр студенттің қабілетін ашуға, оны кәсіби әрі тұлғалық тұрғыдан дамытуға барлық жағдай жасалған. Бұл – өз ісіне адал, жаңашылдыққа ұмтылған ұстаздар қауымының еңбегі.

Өткенге құрмет, бүгінге жауапкершілік, болашаққа сенім – колледж дамуының басты қағидаты.

Мәдина АППАҚОВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжінің директоры



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

Тапсырыс №235

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.